

Қуатбекова Гүлайым Ұлықбекқызы  
Жетекшісі: Отыншиева Малика Толгандиевна  
"B009-Математика және ақпараттық технология"  
Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды, Қазақстан  
Email: [gulajmkuatbekova@gmail.com](mailto:gulajmkuatbekova@gmail.com)

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІ МАНСАПТЫҚ ӨСУ КІЛТІ РЕТІНДЕ: ДАҒДЫЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР**

**Түйін:** Мақаланың тақырыбына өзек болып отырған тіл ағылшын тілі, оның даму жолында, мансаптық өсу жолында беретін көмегі мен мүмкіндігі жайында сөз кеңінен қозғалады. Ағылшын тілінің жалпыхалықтық сипат алуы мен қолданысының адам өміріндегі, нақтылай айтсақ карьера жолындағы мүмкіндіктері туралы айтылған. Мақалада ағылшын тілін оқу мен меңгеру үшін берер ерік – жігер бар.

**Тірек сөздер:** Тұлғалық даму, өзгеріс, мансап, өсу, әрекет, дағдылар, мүмкіндік пен жетістік, өсу жолы, прогресс, ағылшын тілі, жалпыхалықтық сипат.

Ағылшын тілі қолданыста ең көп кеңінен қолданылатын, адам арасындағы, ұлттар арасындағы коммуникацияға керекті әрі қажет негізгі құрал іспеттес тіл. Бүгінгі таңда ағылшын тілінің маңызы өте зор. Себебі ол әлемдік ұйымдарда да, халықаралық конференцияларда да негізгі тілдердің бірі болып саналады. Ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынаста шешуші рөл атқарады. Бұл 50-ден астам елде ресми тіл, ал басқаларында екінші тіл. Ethnologue мәліметтері бойынша 1,3 миллиардтан астам адам ағылшын тілінде сөйлейді. Бизнес пен білім беруде ағылшын тілі де жетекші орын алады. Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметі бойынша, ағылшын тілі әлемдегі ең танымал тіл болып табылады. Ағылшын тілі тілдер тобы негізінде қарастыратын болсақ, үндіеуропалық тілдер түрінің ағылшын – фриз деп аталатын кіші тобына жатады. Ағылшын тілінің жалпыхалықтық, әлемдік сипат алуының үлкен тарихы бар. Ол сан ғасырлық тарихы бар түрлі ұлттар мен географиялық жағдайларға байланысты, уақыттың түрлі кезеңінен өтуі арқылы дамыды. Ағылшын тілі БҰҰ Бас Ассамблеясы, ЮНЕСКО, НАТО, Еуропалық Одақ сияқты салмағы зор, әлемдік проблемаларды шешуде жоғары рөл атқаратын ұйымдардың негізгі тілі.

Ағылшын тілінің маңыздылығын, меңгерудің адам өміріне берер әсерін бұрынғы Президентіміз, Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың өзі өзінің жасаған түрлі реформалары мен жобаларында баса тоқталған болатын. Өзінің “Ұлт жоспары”, “Қазақстан – 2030” атты стратегияларында ағылшын тіліне бөлек тоқталып, “ 2020 жылға дейін еліміздің 20% - ы ағылшын жетік

меңгеруі тиіс” деп жоспарлауынан – ақ ағылшын тілінің маңызын пайымдауға болады. Қазіргі Президентіміз Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саяси аренада көптілді меңгерген полиглот болып, емін – еркін тілдесе алуының өзі талай БАҚ көздерінде мақала болып басылып, түрлі халықтарды таңғалдырып жатыр. Осы фактінің өзі мақаламыздың мәнін ашуда үлкен рөл келтіріп тұр.


Жалпы ағылшын тілі ХХІ ғасырда өміріміздің айнымас, бұлжымас бір бөлшегіндей рөл атқарады. Әлем халықтарының көбі меңгерген бұл тіл көптеген мүмкіндіктерге қол жеткізуде жүрілетін жол, жаңа мансаптық мүмкіндіктерден бастап, әртүрлі елдердегі адамдармен қарым-қатынас шеңберін кеңейтудегі құрал. Ағылшын тілін меңгеру керектігінің басты дәлелінің бірі - оның мансап жолында өсу үшін керек маңыздылығы.

Ағылшын тілі мансапқа, адамның өсу жолында қандай көмек береді деген сауалға төмендегідей дәлелдерді келтірсек болады:

- Халықаралық мүмкіндіктер : Шет тілін білу Сізге халықаралық мансапқа жол ашуы мүмкін. Көптеген халықаралық компаниялар мен ұйымдар ағылшын тілін жұмыс тілі ретінде пайдаланады.
- Кәсіби даму: ағылшын тілі сіздің кәсіби дамуыңызға көмектеседі. Түрлі кәсіпкерлік пен біліктілікті арттыратын кәсіби курстар мен оқу бағдарламаларының басым көбі ағылшын тілінде өтіледі. Халықаралық конференциялар мен семинарларға қатысу да ағылшын тілін білуді міндет етеді. Яғни өз кәсібінің шыңына жетем дейтін адам, ағылшынсыз шыңның көлеңкесін көре алмайтыны анық.
- Бәсекелестікте берер мүмкіндік : ағылшын тілін білу адамға жұмыс іздеу немесе жоғарылату кезінде басым артықшылық береді. Жұмыс берушілер ағылшын тілінде сөйлесе алатын және халықаралық ортада жұмыс істей алатын қызметкерлерді қарапайым қызметкерлерден көбірек бағалап, сұранысы да көп болады.
- Қарым – қатынас, байланысудағы мүмкіндіктер: ағылшын тілі арқылы адам кәсіби желі құруға және халықаралық түрлі бағыттағы байланысты жасауға әрі орнатуға көмектеседі. Әлемнің әр қиырынан, бұрышынан серіктес немесе түрлі дос тауып, таныстарыңыздың саны артады. Әрі бұл адамға тұлғалық өсу жағынан да пайдалы дүние.

Ағылшын тілін білу адамға осындай көптеген көмек пен дағды беруде баға жетпес әрі таптырмас құрал. Мансаптық өсу жолына нақты тоқталар болсақ, елімізде үштілді саясат қабылданғаннан бері, Н.Ә.Назарбаевтың реформаларынан соң да мансап жолында тілді жетік меңгеретін адамның жолы болатыны белгілі. Мысалы, көршіміз Ресей Федерациясында ағылшын тілін білетін адамның айлық жалақысы кәдімгі қызметкерден 15 – 30% есе жоғары. ( суреттегі кестеде берілген) Себебі, ағылшын тілін жетік меңгерген адамның

қандай орында болмасын, шығарар нәтижесі мен берер қортындысы әдеттегі қызметкерден едәуір жоғары, оған әлемдік материалдар қорынан ақпарат алуда тиімді болады.



Ағылшын тілін білу 21 ғасырда сәттілік пен тұлғалық дамудың қажетті шарты болғанын көреміз. Бұл халықаралық қарым-қатынасқа, мансаптық өсуге, жақсы білім алуға, мәдениет пен әдебиетке жол ашатын тіл.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. <https://london-express.ru/blog/kak-angliyskiy-yazyk-mozhet-pomoch-v-karere-/>
2. [https://mgimo.ru/upload/2019/05/Solovova\\_Sbornik.pdf](https://mgimo.ru/upload/2019/05/Solovova_Sbornik.pdf)
- 3.